

## БӨЛІМ: КОЛЛЕДЖ

**ВОЛЕЙБОЛ СПОРТ ОЙЫНЫН ТЕХНИКАЛЫҚ ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА ДАМУ**ЖАРИЯЛАНДЫ  
08.12.2018СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/48522/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Қазіргі таңда техникалық жоғарғы оқу орындарында дене шынықтырудан тыс жұмыс істейтін студенттік спорт клубтары қарқынды дамудың үстінде. Сондықтан спорт және негізгі міндеті дене тәрбиесі болып табылатын дене мәдениеті тұжырымдамаларын ажырату керек.

Дене шынықтыру немесе дене мәдениеті — қоғамның жалпы мәдениетінің бөлігі, денсаулықты қолдауға бағытталған әлеуметтік қызметтің бағыттарының бірі, адам денесінің қабілеттерін дамыту және әлеуметтік тәжірибенің қажеттіліктеріне сәйкес оларды пайдалану.

Спорт — бұл әлеуметтік маңызды нәтижелерге жеткізетін дене жаттығуларын қолдануға негізделген білім беру, ойнау, бәсекеге қабілетті қызмет болып табылады. Спорттың айрықша ерекшелігі — бұл жаттықтыру, ал спорттың басты мақсаты – жақсы нәтижелерге қол жеткізу. Алайда, бұған қоса басқа да маңызды әлеуметтік мақсаттарға жеткізіледі — олар: адам денсаулығын нығайту және

физикалық жетілдіру, оның идеологиялық, ақыл-ой, моральдық, эстетикалық тәрбиесі. Сондай спорттық ойындардың бір түрі — волейбол спорт ойыны, өз өзектілігін жоғалтпайды, жастар арасында танымалдығы одан сайын арта түседі.

Волейбол — бұл командалық ойын, әр ойыншы өзінің қарсыласының іс-әрекетіне байланысы қозғалыс қимылдарын жасайды. Волейбол студенттерге теориялық ақпараттар алуына, тактиканың және техниканың негізгі әдістері мен тәсілдерін үйренуіне, өздерінің мүмкіншілігіне сәйкес жаттығуына, екі жақты ойын кезінде үйренген дағдыларын жетілдіруіне мүмкіндік береді.

Дене тәрбиесінде волейбол ойынының кең көлемде таралуы оның әр түрлі жаттығуларға ыңғайлылығымен, жастардың демалыстарын дұрыс ұйымдастыруымен, денсаулықты және дене тәрбиесін жетілдірудегі жан-жақтылығымен, ойын ережесінің қарапайымдылығымен, керекті құралдардың және алаңның күрделі еместігімен түсіндіріледі. Ойын жағдайы жаттығушыларды жалпы мақсатқа жету үшін өзінің ойын кезіндегі іс-қимылын ұжымының мақсатына бағындыруға, жағдайға байланысты өзінің бар мүмкіншілігімен әрекет етуге, спорттық сайыс кезінде қиындықты жеңе білуге, ойын барысындағы шиеленіскен жағдайда дұрыс шешім қабылдауға тәрбиелейді. Бұлар студенттердің ұжымдық сезімін; тез зейін қоюы мен шапшаң ойлауын, шешім қабылдағыштығын және өзінше қимылдар жасай білу дағдысын қалыптастырады.

Техникалық жоғарғы оқу орындарында волейбол ойыны алдында тұрған міндеттер:

1. Студенттердің денсаулығының деңгейін көтеру.
2. Кейінірек студенттердің жоғарғы оқу орында білім алуды

аяқтағаннан кейін олардың кәсіби жұмыста және өмірде қажет физикалық қасиеттердің қалыптастырып, болашақ мамандардың тиімді жұмыс істеуіне үлес қосу болып табылады.

Біздің университетте техникалық мамандықтарда оқитын инженерлердің және т.б кәсіптік маңызды физикалық қасиеттерін атап өтсек, олар : жоғары жұмыс өнімділігі және әлсіздікке , күйзеліске дем бермеу, күш-жігер, төзімділік, икемділік, мұқияттылық, шапшаң реакция жылдамдығы, жоғары концентрациясы және оның мұқият ауысуы, жақсы дамыған жады, әсіресе жедел, жоғары деңгейдегі мағлұматты қабылдау және дамыған байқампаздық, практикалық ойлау, күрделі шешімдерді жылдам қабылдау мүмкіндігі, қимыл-қозғалысты жоғары үйлестіруді қамтиды. Жоғарыда аталғандардың барлығы — бұл волейбол ойнау үшін қажетті талаптар болып табылады. Жалпы алғанда, волейбол спорт түрінде ғана емес, мамандықтары жоғары қарқындылықпен, тұрақтылықпен, шешім қабылдау мен ойлау шапшаңдығымен және дәлдікпен ерекшеленетін адамдардың мамандықтарына арналған оқыту құралдарының бірі ретінде қарастырылып келе жатыр.

Алайда, бүгінгі таңда техникалық жоғарғы оқу орындарында волейбол спорт ойыны жоғарғы дәрежедегі спортшыларды дайындау құралы ретінде дамуы мәселелерге тіреліп отыр.

Сондықтан, бұл жұмыстың мақсаты: жоғары оқу орындарында студенттік волейбол спорттық командаларды ұйымдастыру және дайындау , волейбол спорт ойынын дамыту үшін тиімді жағдайларды анықтау болып табылады.

Студенттік спорт түрі ретінде волейболды университеттерде дамытудың маңызы зор. Жақсы қалыптасқан тиісті инфрақұрылыммен

жабдықталған спорттық ортада, сондай-ақ белсенді дене шынықтырумен айналысуға арналған ортада жоғары спорттық нәтижелерге қол жеткізе отырып, келесідей нәтижелерге қол жеткізуге болады:

- Университеттің студенттік қауымдастығында үнемі студент-спортшылардың қатысуымен салауатты өмір салтын және волейбол ойнаудың танымалдылығын арттыру;
- Волейболдағы спорттық жетілдірудің кейінгі сатысында (17-18 жастағы) спорттық дарындарын анықтау және ұлттық құраманың резервіне дейін кәсіби деңгейге жеткізу;
- Жоғары білімді табысты біріктіруге қабілетті жастардың мансабын кеңейту;
- Спорттық мансапты аяқтағаннан кейін кәсіби деңгейдегі спортшылардың әлеуметтік бейімделуін жеңілдету.

Жоғарыда көрсетілген міндеттерді тиімді шешу үшін:

1. тиісті логистикалық және кадрлық базаның болуы;
2. Кәсіби волейболмен айналысу және таңдалған мамандық бойынша сабақтардың икемді кестесі, жоғары сапалы жатын орын және тамақтану жағдайларын қамтамасыз ету, сондай-ақ студент-спортшылардың өзіндік жұмысы үшін қажетті жағдайлармен оңтайландыру;
3. академиялық жүктеменің ерекшеліктерін ескере отырып, спорттық іс-шаралардың ең қолайлы күнтізбесін әзірлеу
4. студенттік жарыстарды әлеуметтік қана емес, сондай-ақ жергілікті және ұлттық маңызды оқиға ретінде тұту;

5. командаларды қалыптастыруда ең үздігін таңдаудағы әділеттілік принципін негізге алу, спортшыларды іріктеудегі айқындылық және оларды насихаттау

Алдағы жылдары студенттердің жоғары деңгейдегі спорттық командалары Қазақстандағы ең жоғарғы деңгейдегі спортшылардың қатарын толтыра алады. Техникалық жоғарғы оқу орындарындағы студенттердің өз тәжірибелерін және шет елдердің ең табысты тәжірибесін ескере отырып, университеттің волейбол спорт ойыны жаңа, одан да жоғары даму деңгейіне жетуі мүмкін. Дегенмен, бұл үшін студенттік волейбол спорт секциясының жұмыс істеу шарттарын мен факторларын жақсарту қажет.

***Амиргазина Медина Жаккуатовна***

*Студент, 17-АРК-1, Сәулет-құрылыс факультеті, Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университеті*

***Бекбосынов Сымбат Тусупханович***

*Оқытушы, Дене тәрбиесі және спорт кафедрасы, Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университеті*

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Груцьяк Н. Б. Волейбол в неспортивном вузе: тенденции развития . – Слобожанський науково-спортивний вісник. – 2015 №2 (46)
2. Калининцева, И. Г. Волейбол в университете : учеб.-метод. пособие / И. Г. Калининцева, С. А. Песчанова ; Владим. гос. ун-т им. А. Г. и Н. Г. Столетовых. – Владимир : Изд-во ВлГУ, 2017. – 136 с.

3. Матиевская СМ. Крутько Г.А. Совершенствование учебной программы вуза по дисциплине «физическая культура» (на примере волейбола) // Международный журнал экспериментального образования. – 2012. – № 4 (часть 2) – С. 156-159
4. Орлова В.В., Халалеева О.Е. Студенческий спорт как фактор подготовки спортсменов высших достижений // СИСП. 2015. №3 (47). URL:  
<https://cyberleninka.ru/article/n/studencheskiy-sport-kak-faktor-podgotovki-sportsmenov-vysshih-dostizheniy> (дата обращения: 06.12.2018).  
URL:<https://cyberleninka.ru/article/n/studencheskiy-sport-kak-faktor-podgotovki-sportsmenov-vysshih-dostizheniy>
5. Платонова Н. И. Волейбол как средство развития физических качеств студентов вузов // Научно-методический электронный журнал «Концепт». – 2016. – № 7 (июль). – 0,4 п. л. – URL:  
<http://e-koncept.ru/2016/16147.htm>